

Бөлім тақырыбы: Сауда мен көмек :екіжақты келісімді сауда.

2- сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Еңбек - бәрін жеңбек



**10.2.6.1 әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру;**

### **Сабақ мақсаттары:**

Шығарманы оқи отырып кейіпкерлерді, қарама -қарсы мағынада жұмсалған ұғымдарды табады;

Мәтінді талдайды, мазмұндайды.



# 1-тапсырма

Сұрақтарға жауап бер.

-Ыбырай Алтынсарин кім?

-Ыбырай Алтынсаринның қандай шығармаларын білесіздер?



Дескриптор:

- сұрақтарға жауап береді;
- сөйлеу этикетін қолданып, өз көзқарасын білдіреді.



## Өзінді тексер:

**Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының Торғай жерінде дүниеге келген .**

**Ыбырай Алтынсарин -балалар әдебиетінің атасы, педагог,жазушы.Ол алғаш мектеп ашқан,әліппе жазған.**

### **Ыбырай Алтынсарин**

**Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тақырыбы -адамгершілік, еңбексүйгіштік, өнер, білім туралы.**

**«Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», «Атымтай Жомарт»**



## Үстеу (Наречие)

**Үстеу** — қимылдың түрлі белгісін (мезгелін, мекенін, себебін, мақсатын, мөлшерін, амалын) білдіретін сөз табы. Үстеулер, ең алдымен, етістіктің /баяндауыштың/ белгілерін білдіреді.

**Наречие** — самостоятельная часть речи, которая обозначает признаки действий, признаки признаков. Наречия ,в первую очередь, обозначают признаки глагола /сказуемого/)

## Үстеу түрлері

Мағынасына қарай 7 түрге бөлінеді

## **Құрамына қарай (по составу)**

**1. Дара үстеу (простые)** – бір ғана түбірден тұрады /негізгі немесе туынды/. (состоит только из одного корня /производного или непроизводного/) Мысалы: ерте, кеш, қыстай, кешке т.б.

**2. Күрделі үстеу (сложные)** – кемінде екі түбірден тұрады. (состоит из двух и более корней) Мысалы: бүгін, биыл, бірталай, бірте-бірте, алдын-ала, құлан таза, жазы-қысы т.б.

## **Тұлғасына қарай (по способу образования)**

**1. Негізгі үстеу** – түбір мен қосымшаға бөлшектеуге келмейтін үстеулер. Негізгі үстеудің көпшілігіне сын есім шырайының –рақ-рек-ырақ-ірек және-лау-леу-дау-деу-тау-теу жұрнақтары жалғана алады. (Непроизводные наречия не делятся на корни и аффиксы. К большинству непроизводных наречий могут присоединяться вышеперечисленные суффиксы степеней сравнений прилагательных) Мысалы: әрең, сәл, ертең, бұрын, тез, жылдам-жылдамырақ т.б.

**2. Туынды үстеу** – түбірге жұрнақ жалғануы арқылы немесе кейбір септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған үстеулер. (Производные наречия образуются путем присоединения к корню суффиксов или устаревших окончаний некоторых падежей)

# Мағынасына қарай (по значению)

## 1. Мезгіл үстеуі (наречия времени)

қашан? – когда?

қашаннан бері? – с каких пор?

бүгін, былтыр, биыл, ертең, күндіз, әуелі, күні-түні, кешке, қысы-жазы, әлсін-әлі, анда-санда, ежелден т.б

## 2. Мекен үстеуі (наречия места)

қайда? – куда?

қайдан? – откуда?

қалай қарай?

ілгері, кейін, әрмен, қарай, мұнда, осында, әрі, жоғары, төмен, тысқары, артта, тұс-тұсында, одан-бұдан т.б.

## 3. Мөлшер үстеуі (наречия количества и меры)

қанша? қаншама?

қаншалықты? нешелеп? қаншалық? қаншадан? –

сколько? по сколько?

онша, сонша, соншама, мұншама, едәуір, анағұрлым, біраз, бірталай, неғұрлым, бірен-саран, азды-көпті, солғұрлым, әжептәуір, қыруар, талай, сондайлық т.б.

## 4.Қимыл-сын үстеуі (наречия образа действия и времени)

қалай? – как?

қалайша? –каким образом?

қайтіп? – как?

әрең, ақырын, бірден, бірге, бірте-бірте, бұрынғыша, қолма-қол, осылай, сөйтіп, келе-сала, емін-еркін, лезде, қаннен-қаперсіз, дереу, жедел, шапшаң, тез т.б.

## 5.Күшейткіш үстеуі (усилительные наречия)

қалай? – как?

қандай? –какой?

қайтіп? – как?

әбден, тым, ең, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті, нақ, әнтек, мүлдем, дәл, нағыз, керемет, қанағат, өте т.б.

## 6. Мақсат үстеуі (наречия цели)

не үшін?-для чего?

неге?-почему?

не мақсатпен? қалай?

әдейі, жорта, қасақана, көре тұра, біле тұра, әдейілеп т.б.

## 7.Себеп-салдар үстеуі (наречия причины и следствия)

не себепті? неге? қалай?

неліктен?- почему?

по какой причине? т.б.

босқа, бекерге, жоққа, құр босқа, лажсыздан, амалсыздан, шарасыздан т.б.



## ОҚЫЛЫМ

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

— Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Рас, — деді Антон, — мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін.

Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым; ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.





## **Мәтін бойынша жаңа сөздер:**

**көпестің кескіні – образ купца**

**көңіліме таныс көрінді– показался знакомым**

**айып етпесеңіз, қарсы болмасаңыз**

**көңіліме кіріп, ұнап, ұнады**

**малыма күтімді болдым – был бережливым**

### 3- тапсырма .

#### Венн диаграммасы

#### Дескриптор:

Әңгімедегі жалқаулық пен еңбекқорлықты салыстыра отырып, қарама-қарсы суреттеулерді табыңыз.

**Еңбекқор**

**Жалқау**



**Өзінді тексер .**

ұқсастығы  
екеуі де адам

**Еңбекқор .**

Тыным таппайды, жұмыс істейді,  
еңбектеніп ақша табады, еңбекқор.

**Жалқау .**

Ештеңе істегісі келмейді, жалқау,  
арамтамақ , ақшаны оңай жолмен табуды  
ойлайды



# Қорытынды

Көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс -әрекеті арқылы образын аштыңыз.Осы әңгімедегі жалқаулықпен еңбекқорлықты салыстырдыңыз.

